

*Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы
С.С. Әйімбетовтің 2012 жылғы 16 сәуірде ҚР Парламентінің Мәжілісінде
«Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
қызметінің негізгі бағыттары» тақырыбына арналған Үкімет сағатында
жасайтын қосымша баяндамасы*

**Құрметті Сергей Александрович,
құрметті депутаттар!**

Табиғи монополияларды реттеу Агенттігі қызметінің басты бағыты ол экономиканың монополиялы секторын тиімді түрде мемлекеттік реттеу, инвестициялық тартымдылықты дамыту, энергия ресурстарын, электр энергиясы мен суды үнемдеу мәселелерін шешу болып табылады.

Осы реттеу салалары халықтың барлық топтарының мүддесіне қатысы бар және экономиканың әлеуметтік құрамдас бөлігі болып саналады, сондықтан ең бастысы, олардың тарифтерді қалыптастырудағы бағыты, тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілері мүдделерінің теңдестігіне негізделуі тиіс.

Бүгінгі таңда Агенттік халыққа қызметтерді көрсету саласындағы сумен, газбен, электр және жылумен жабдықтау тарифтік саясаттын жақсартуға бағытталған жұмысын дәйекті, әрі жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Алайда, Агенттік қызметіндегі аталған оң үрдістермен қатар, біздің пікірімізше, бүгін тұрғындарға қатысты

маңызды мәселелерге тоқталып өтуіміз қажет, әсіресе қолданыстағы қызметтерге, соның ішінде коммуналдық қызметтерге және бағаның өсуін тежеуге айтарлықтай ықпал ететін кейбір сұрақтарға.

Біріншіден, Екібастұз ГРЭС-1 ірі станциясын мысалға алсақ, статистика деректері бойынша **2009** жылы шекті тариф бір кВт/сағат үшін **3,6** теңгені құраса, **2012** жылы - **6,5** теңге болды, яғни оның **2,9** теңгеге немесе **80** пайызға ұлғайғаны көрініп тұр. Осындай аналогия (ұқсастық) жылу энергиясында да байқалады.

Сонымен қатар, өндірілген электр энергиясына жұмсалған отынның үлестік шығыны мен негізгі өндірушілер өндірген көмірдің бағасы да өсуде. Егер негізгі өндірушілердің төрт субъектісі бойынша көмір бағасы **2009** жылы орта есеппен бір тоннасы **941** теңгені құраса, **2011** жылы ол **екі** есеге өскен.

Электр және жылу энергиясын өндіру қызметтеріне арналған тарифтерде отынның құрамдастары (көмір, мазут, газ) басымдықпен пайдаланылып отыр, ол шамамен **70** пайызды құрайды. Осыған байланысты отынның құны, өндірілетін энергияның бағасына елеулі түрде әсер етуде. Алайда, бүгінгі таңда мемлекетпен көмірдің, мазуттың бағалары реттелмеген.

Осындай жағдай авиакеросинге де қатысты болып тұр, мұның өзі республиканың ішкі нарығындағы оның бағасының күрт шарықтап кетуіне әкеп соқты. Бұл, өз

кезегінде, авиабилеттер бағасының қымбаттауына әкелуде, өйткені авиакеросиннің авиатасымалдау тарифіндегі ықпалы **30** пайыз мөлшерін құрайды.

Сондықтан, Үкімет пен тиісті уәкілетті органдар (*Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Бәсекелестікті қорғау агенттігі*) электрмен, жылумен жабдықтау және жолаушылар тасымалы жөніндегі әлеуметтік маңызы бар қызметтерге тарифтердің өсуін тежеу үшін осы мәселені жан-жақты қараулары тиіс. Осы жерде, біздің ойымызша, тұтынушылар мен отын өндіруші, өткізуші ұйымдар мүдделерінің теңдестігін қамтамасыз ету қажет.

Екіншіден, қазірден бастап табиғи отын ресурстарының шектеулі екенін ескере отырып, гидроэнергия, жел және күн энергиясы сияқты балама энергия көздерін пайдалануды кеңінен енгізу керек. Олардан өндірілетін энергия, отын тұтынуды төмендетуге мүмкіндік береді және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, айта кететін жағдай, баламалы энергия өндіру мен оның құны дәстүрлі энергия өндіру құнынан **3** есе және одан да жоғары екенін атап өткен жөн. Мысалы, **2009** жылы жел энергетикасының көтерме саудадағы құны бір кВт/сағат үшін **8-10** теңге, күн энергиясы - **22** теңге, биомасса - **6-12** теңгені құрады.

Сондықтан энергия өндіруші компаниялар жаңартылатын энергия түрлерін өндіруге ықыласы жоқ. Онымен қоса, қазіргі уақытта осы энергия көздерін өндіру

мен пайдалануды қолдау тетігі жеткілікті деңгейде ойластырылмаған.

Осыған байланысты энергияның баламалы көздерін өндіруді, дамыту мен пайдалануды қолдау мақсатында преференцияны, субсидияны, жеңілдікті салық салуды және кредит бөлуді қамтитын нақты қолдау тетіктері қажет. Сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін өндіру кезінде инновациялық технологияларды пайдаланатын электр энергетикасы объектілерін салу жөніндегі серпінді жобаларды ойластыру керек деп есептейміз. Бұл, өз кезегінде, энергия тапшылығы проблемаларын азайтуға мүмкіндік жасауға және тұтынылатын энергия тарифтерінің өсуін тежеуге оң әсер тигізеді.

Үшіншіден, статистика деректері бойынша өндірістік кәсіпорындармен қатар, тұрғындардың да электр энергиясын тұтынуы жылдан-жылға өсіп келе жатқаны байқалады. Мәселен, **2006** жылы тұрғындар тұтынған электр энергиясы **6** млрд. **853** млн. кВт/сағат болса, **2011** жылы - **8** млрд. **767** млн. кВт/сағатқа жетті, яғни ол **1** млрд. **914** млн. кВт/сағат немесе **28** пайызға өскен.

Осыған байланысты **2009** жылы заңнамаға инвестициялық құрамдасын қамтитын энергия өндіруші ұйымдардың, электр энергиясына шекті тариф енгізу есебінен, негізгі қорларды жаңғыртуына, техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыруына және жаңартуына мүмкіндік беретін өзгеріс енгізілді. Сөйтіп, мемлекет

энергия тапшылығын одан әрі азайту мақсатында тұтынушылар есебінен энергетика саласына тікелей инвестиция тарту үшін барлық жағдайды жасады.

Алайда, осыған қарамастан, электр энергиясын тұтыну бағасы өсуде. Мәселен, **2011 жылы** тек қана тұрғындарға арналған орташа тариф бір кВт/сағат үшін **9,15 теңгені** құрады немесе **2009 жылмен** салыстырғанда **22,8 пайызға** өсті.

Бұл ретте энергия станцияларының қызметіне жүргізілген талдау көрсеткендей, тексеру қорытындылары бойынша **2009 жылы** инвестициялық міндеттемелердің **1,5 млрд. теңгеге** және **2010 жылы 52 млн. теңгеге** орындамағаны анықталды.

Мұның өзі энергия станцияларының қызметінде **ашықтықтың,** қабылданған инвестициялық міндеттемелерді орындауда **жауапкершіліктің** жоқ екендігін және электр энергиясының тапшылығынан тарифтер өсіп отырған жағдайда, тұтынушылардан алынған қаражаттың **мақсатқа сай пайдаланылмауы орын алғанын** көрсетеді.

Сондықтан Агенттік, энергия ұйымдарының шекті тарифтен алған кірістерді пайдалануы мен әрбір қаржы жылы бойынша инвестициялық жобаларға қаражат салуын **бақылауды күшейтуі** қажет. Бұл ретте энергия өндіруші ұйымдардың **игерілмеген қаражатты тұтынушыларға қайтаруды жүргізу міндетін** қарастырулары керек.

Төртіншіден, нормативтік - техникалық ысырапты азайту, нормативтен тыс ысырапты жою, шикізат пен материалдар шығынының нормасын оңтайландыру, прогрессивті технологияларды пайдалану, сумен, газбен, электр және жылумен жабдықтаушы ұйымдардың әкімшілік шығындарын азайту, тарифтерді ұстап тұруға әсер ететін құрамдас факторлардың бірі болып табылады.

Қарапайым мысал. Бақылаушылардың үйлерді жиі аралауы, электр энергиясынан ажырату туралы қоңырау соғуы, хабарлама беруі, электр энергиясы мен суды есептейтін құралдардан көрсеткіштер жиі-жиі алуы тұрғындардың арызын тудыруда. Алайда есептеу құралдарынан алынған көрсеткіштер түбіртектегі (квитанциядағы) деректерге сәйкес келмеуі анықталуда. Тұрғындардың **жалпы үйге төлейтін төлемі** де бақылаусыз қалып отыр, сондықтан осы тарифтерді кімнің белгілейтіні және олар кімнің бюджетін толықтырып отырғаны белгісіз.

Осы саладағы қызметкерлердің көптігі және тиімділігі де сұрақ туындыруда, сондықтан қолданыстағы ұялы байланыс және үйлердегі лифтілерге ақы төлеу жүйесі сияқты суды, газды және электр энергиясын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізуге болар еді. Мұның өзі көптеген түбіртектегі **«өткен күннің»** еншісіне қалдырып, жабдықтаушы ұйымдардың әкімшілік шығындарын азайтуға және тұтынушылардың уақыты мен шығындарын

қысқартуға мүмкіндік берер еді. Ең алдымен, тілек білдірген тұтынушылар немесе жекелеген өңірлер бойынша пилоттік жобаны енгізуге болады. Бұл ретте **«озықты бағдарлама»** барлық сараланған тарифтерді – үш деңгейлі тарифті, күндізгі – түнгі тарифті және ең бастысы, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына арналған тарифті ескеретін болар еді.

Бесіншіден, баяндамашы атап өткендей, бүгінгі таңда жалғызбасты зейнеткерлер үшін электр энергиясының төмендетілген тарифі көзделген. Бұл оңды қадам және жақсы тәжірибе. Осындай жеңілдіктер сумен, газбен және жылумен жабдықтау жөніндегі тарифтерге де қолданылса, оңды болар еді.

Сонымен қатар, тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен үзіліссіз жабдықтау мен олардың тарифін төмендету үшін, энергия өндіруші ұйымдар өздеріне жақын орналасқан елді мекендерді, әсіресе моноқалаларды және ауылдық өңірлерді осы қызметпен бірінші кезекте қамтамасыз етуі қажет.

Алтыншыдан, Агенттік ұсынған, реттелетін қызметтерге арналған тарифтердің инфляция деңгейіне әсерін салыстырмалы түрде талдау көрсеткендей, нақты деректердің жоспарланған деректерден 2 есе дерлік төмен екендігін біздің Комитет атап айтады. Сөзсіз, Агенттіктің және тұтастай алғанда, мемлекеттік органдардың жұмысы осы арқылы бағаланады, ал мұның өзі бүгінгі күні

инфляцияның жалпы деңгейінің төмендеуіне оң әсер етіп отыр.

Сонымен қатар, тарифтік саясат бойынша қабылданатын шешімдердің ашықтығын тұтынушылардың нақты түсінулері үшін Агенттік тұрғындар арасында түсіндіру жұмысын жалғастыруы қажет.

Біздің ойымызша, Агенттік өзінің алдына қоғам тарапынан қойылып отырған міндеттерді орындауы қажет.

Бұл -тарифтік саясатта барлық қызмет түрлері бойынша қабылданатын шешімдердің **объективті, ашық, әрі әділ болуы.**

Құрметті депутаттар!

Сөзімнің соңында, Мұрат Мағауияұлына рахмет айта отырып Агенттіктің алдына қойылған міндеттерді шешу жолындағы жұмысына табыс тілеуге рұқсат етіңіздер.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!